«Бекітілді»
«Зере» бөбекжай-балабақшасы
меңгерушісі: Қузенбаева У.Б
02.09 2025 ж.

«Зере» бөбекжай - балабақшасының
10 топтағы ата-аналар жиналысы
2025-2026 оқу жылы

№	Тақырыптары	Мерзімі	Жауаптылар
1	1.«Бала тәрбиесіндегі әкенің ролі» баяндама 2.«Бала тілі - бал» пікірталас 3.Психолог кеңесі «Баланыз балабақшаға қандай көңіл-күйде келеді?» 4.Медбике кеңесі	Қыркүйек	Тәрбиешілер Психолог медбике
2	1.Ата-аналармен балалардың бірлескен көрмесі «Қысқызығы» 2. «Тілектер күні» күні 3.Психолог кеңесі «Бала жағымсыз әрекетті қайдан үйренеді?» 4. Медбике кеңесі «Ковидтен сақтану жолдары»	Желтоқсан	Тәрбиешілер Психолог медбике
3	1.«Ұрпақ тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» кеңес 2.«Ата-аналарға арналған 10 кеңес» кеңес 3.Психолог кеңесі «Баланы үйде оқытуды қалай ұйымдастыруға және үрейге ұшырамауға болады» 4.Медбике кеңесі «Тазалық-Денсаулық кепілі»	Наурыз	Тәрбиешілер Психолог медбике
4	1.Ата-аналарды жазғы маусымның шынықтыру жұмыстарымен таныстыру. 2.Білім көрсеткіш мониторингтерімен таныстыру 3. «Бала дамуында, тәрбиелеу кезінде күн тәртібінің маңызы» кеңес 4.Медбике кеңесі «Иммунетті көтеру кезеңдері?»	Мамыр	Тәрбиешілер Психолог медбике

«Зере» бөбекжай балабақшасы
«Балапан» орта тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Хаттамасы №1

Қатысқаны: 15
Қатыспағаны:10
Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Ата-аналарды жаңа оқу жылымен құттықтау.Танысу шеңбері «Менің аты-жөнім,қызметім.сүйікті ісім»
2. Балабақша өмірімен,күн тәртібімен таныстыру.Сауалнамаға сұрақ жауап алу.
3. Ата-аналар комитетінің мүшелерін сайлау.

Тыңдалды:

Бірінші сәлемдесу тренингі:Топтағы ата-аналар жүрекшені бір-біріне сыйлау арқылы өздерін таныстырып өтеді, қатар топ тәрбиешілері Сәрсен Г.С. мен Есенжолова Г.Е. өздерін таныстырды.

Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі ата аналарға арналған кенестер.

-Баланызбен балабақшада да,үйде де байыпты,әрі сенімді сөйлесіңіз.

-Балабақшаға таңертен кім тыныштандырып қалдыра алатын болса, сол ата ана немесе туысы әкелген жөн.

-Баланы алдамай өз сөзіңізде тұрғаныңыз жөн.

-Баланызды көп еркелетіңіз жақсы көріңіз дұрыс,дегенмен сізді,айналадағы адамдарды сыйлап өрескел қылық жасамауын қадағалаңыз.Себебі еркелік деп жүргеніңіз кейін оның әдетіне мінезіне айналып кетуі мүмкін.

-Баланы тәрбиеші апайымен немесе балабақшаға апарып тастаймын деп қорқытпағаныңыз абзал.Баланың балабақшаға немесе тәрбиешіге деген сенімін жоғалтпаңыз жоғарыда айтылған сөздермен.

Тазалық мәселесі бойынша:балаларды жуындырып, жеке гигеналық тазалықтарын аса көңіл бөлуге шақыру.

Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі балалар тізімін таныстрып ата-аналар комитетінің мүшелрін сайлауға шақырды.

Ата-аналар бір ауыздан комитеттің төрайымы болып Базарғалиева Альбина Мәдікасқаркызы сайланды.

Ата-аналар жиналысының шешімі:

1. Ата-аналар мен тәрбиеші өздеріне қойылған талаптары өз деңгейінде орындалсын.
2. Ата-аналарға кеңестер берілді.
3. Ата-аналар комитетінің төрайымы Базарғалиева Альбина Мәдікасқаркызы болсын.









«Зере» бөбекжай балабақшасы

«Балапан» отаңғы тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Хаттамасы №2

Қатысқаны: 13
Қатыспағаны:12

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Баяндама: «Балалардың өзіне-өзі қызмет ету ептіліктерін дамыту».
2. Жаңа жал мерекесіне арналған ертеңгілік іс-шараларымен таныстыру.
3. Ертеңгілікке берілетін сыйлықтар туралы келісім жасау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Есенжолова.Г.Е. баяндама оқыды. Ата-аналар баяндаманы тыңдап ризашылығын білдірді.


Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Сәрсен Г.С. балаларға берілген ертеңгілік іс-шаралары мен таныстырып өтті. Ата-аналар бір ауыздан жаңа жылдық мерекеге ат салысып қатысамыз деп шешті.

Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешілері жаңа жылдық ертеңгілікке балаларға берілетін сыйлықтар жайлы айтты. Сонымен қатар ұл-қыздардың жаңа жылға бейлейтін номерлері бар екенін, оларға арнай киімдердің керектігін айтып өтті. Ата-аналар сыйлыққа және киімдерге ат салысып өздері дайындайтынын айтты.

Қаулы:

1. Баяндаманы Есенжолова.Г.Е. оқыды. Ата-аналар өз деңгейінде оқылғанын айтты.
2. Жаңа жылдық ертеңгіліктегі киімдерін мен сыйлықтар ата-аналарға жүктелсін.
3. Ертеңгілікте берілетін сыйлықтар ата-аналарға жүктелсін.

Тәрбиешілер:Сәрсен Г.С.
Есенжолова Г.Е.





"Балапан"тобын

«Зере» бөбекжай-балабақшасы
«Балапан» орта тобының №3 АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Топ: «Балапан» ересек тобы
Күні: 18 наурыз 2026 жыл
Өтетін орны: «Балапан» ересек тобы
Қатысқандар: Топ ата-аналары
Тәрбиешілер: Есенжолова Г. Е., Сәрсен Г. С.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Балалардың оқу-тәрбие үдерісіндегі жетістіктері мен белсенділігі.
2. Наурыз мерекесіне байланысты ұлттық құндылықтарды балаларға дәріптеу.
3. Көктемгі кезеңдегі балалардың қауіпсіздігі.
4. Балабақша мен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту.
5. Әртүрлі мәселелер.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші Есенжолова Г. Е. балалардың оқу-тәрбие үдерісіндегі жетістіктері мен белсенділігі туралы айтып өтті. Балалардың білім, білік және дағдыларын дамыту бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқталды.

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Сәрсен Г. С. Наурыз мерекесінің тәрбиелік мәні туралы айтып, балаларға ұлттық салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, ұлттық ойындар мен ұлттық құндылықтарды таныстырудың маңыздылығын атап өтті. Ата-аналарды балаларына ұлттық дәстүрлерді үйретуге және мерекелік іс-шараларға белсенді қатысуға шақырды.

Үшінші мәселе бойынша көктемгі кезеңде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі қарастырылды. Ата-аналарға жол қауіпсіздігі, серуен кезіндегі тәртіп және балаларды қараусыз қалдырмау жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Төртінші мәселе бойынша баланың тәрбиесі мен дамуына балабақша мен отбасының бірлескен ықпалы туралы айтылды. Тәрбиеші мен ата-ана арасындағы тұрақты байланыс баланың жан-жақты дамуына оң әсер ететіні атап өтілді.

СӨЙЛЕДІ:

Ата-аналар өз пікірлерін білдіріп, балалардың тәрбиесі мен білім алуына қолдау көрсететіндіктерін айтты. Наурыз мерекесіне арналған іс-шараларға белсенді қатысуға ниеттерін білдірді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Балалардың оқу-тәрбие үдерісіндегі жетістіктерін арттыру мақсатында ата-аналармен бірлескен жұмыстар жалғастырылсын.
2. Балаларға ұлттық салт-дәстүрлер мен ұлттық құндылықтарды үйрету жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
3. Көктемгі кезеңде балалардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлінсін.
4. Ата-аналар балаларының қауіпсіздігі мен тәртібін қадағалауды күшейтсін.
5. Балабақша мен отбасы арасындағы өзара ынтымақтастық тұрақты түрде жалғастырылсын.

Тәрбиешілер:

Есенжолова Г. Е. _____

Сәрсен Г. С. _____

№4 қорытынды ата-аналар жиналысының хаттамасы

Тобы: «Балапан» орта тобы

Күні: 28.05.2026ж.

Қатысқан ата-аналар саны: 6

Тәрбиешілер: Есенжолова Г. Е., Сәрсен Г. С.

Күн тәртібі:

1. 2025–2026 оқу жылы бойынша қорытынды есеп.
2. Балалардың білім, тәрбие және даму деңгейі.
3. Жаз мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері.
4. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша тәрбиешілер Есенжолова Г. Е. мен Сәрсен Г. С. сөз сөйлеп, жыл бойы атқарылған жұмыстарға тоқталды. Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес балалардың сөйлеу, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік және дене дамуы бағыттарында жұмыстар жүргізілгені айтылды. Балалардың оқу іс-әрекеттеріне белсенді қатысып, көптеген дағдыларды меңгергендері атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша балалардың жыл бойындағы жетістіктері, мерекелік шараларға қатысуы, шығармашылық қабілеттері туралы айтылды. Ата-аналарға балалармен үй жағдайында да дамыту жұмыстарын жалғастыру ұсынылды.

Үшінші мәселе бойынша жаз мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері түсіндірілді. Балалардың су маңында, көшеде, ойын алаңдарында қауіпсіздігін сақтау, күннен қорғану және жеке бас тазалығына көңіл бөлу қажеттігі ескертілді.

Шешімі:

- 2025–2026 оқу жылының қорытынды есебі қанағаттанарлық деп танылсын.
- Жаз мезгілінде балалардың қауіпсіздігі ата-аналардың тұрақты бақылауында болсын.
- Балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру ұсынылсын.


ЭКОӘЛЕМ


АДАЛ АЗАМАТ


АДАЛ АЗАМАТ


АДАЛ АЗАМАТ